


БЕКІТІЛДІ  
Қамқоршылар кеңесінің шешімімен  
 R. Сарсенов  
«2» 09 2024 ж.

Caspian University Endowment Fund  
ЕРЕЖЕ

2024

## **1. Жалпы ережелер**

- 1.1. Caspian University Эндаумент-қоры (бұдан әрі – Қор) университеттің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету, білім беру, ғылыми, инфрақұрылымдық және әлеуметтік бастамаларды қолдау мақсатында құрылды.
- 1.2. Қор – жеке және заңды тұлғалардың ерікті жарналары есебінен қалыптасатын мақсатты капитал болып табылады. Капиталды орналастырудан түсетін табыс Қордың мақсаттарына сәйкес пайдаланылады.
- 1.3. Қор операциялары келесі арнағы есепшот арқылы жүргізіледі: KZ9584901KZ844150100
- 1.4. Жеке тұлғалардың жарналары келесі жолмен жүзеге асырылады: Kaspi Bank қосымшасы → Төлемдер бөлімі → Каспий Қоғамдық Университеті → Endowment Fund

## **2. Қордың мақсаттары мен міндеттері**

### **2.1. Қолдау көрсету бағыттары:**

- дарынды студенттерге (гранттар, стипендиялар);
- ғылыми зерттеулер мен инновациялық жобаларға;
- оқытушылар мен студенттердің академиялық ұтқырлығына;
- білім беру және ғылыми инфрақұрылымды жаңғыру бағдарламаларына;
- Caspian University-дің имидждік және халықаралық бастамаларына.

### **2.2. Университеттің инвестициялық тартымдылығын арттыру және әріптестік желісін кеңейту.**

## **3. Қордың қалыптастыру көздері**

- 3.1. Азаматтар мен ұйымдардың ерікті қайырымдылықтары.
- 3.2. Мақсатты бағдарламалар мен жобалардан түскен қаражат.
- 3.3. Қор қаражатын орналастырудан түскен инвестициялық табыс.
- 3.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер.

## **4. Қордың басқару**

### **4.1. Caspian University Эндаумент-қорын басқаруды Қор қаражатының стратегиялық басқарулығы мен мақсатты пайдаланылуын бақылау өкілеттігіне ие Caspian University Қамқоршылық кеңесі жүзеге асырады. Кеңес университет, донорлар және қоғам мүддесі үшін әрекет етеді, Қордың ұзақ мерзімді тұрақтылығын және тиімділігін қамтамасыз етеді.**

### **4.2. Қамқоршылық кеңестің функциялары:**

- Қордың даму стратегиясын қалыптастыру және бекіту, Caspian University миссиясына сәйкес қаржыландырудың басым бағыттарын анықтау;
- Қордың жыл сайынғы бюджетін және инвестициялық саясатын бекіту, активтер класы мен тәуекел бейінін қоса алғанда;
- Сыртқы инвестициялық басқарушыларды тағайындау және олардың қызметін бақылау, қажет болған жағдайда қаржы және тұрақты инвестициялар саласындағы сарапшылар қатысатын Инвестициялық комитет құру;
- Қор қаражатының мақсатты, тиімді және этикалық жауапты пайдаланылуына тұрақты мониторинг пен бақылау жүргізу;

- Донорлар, әріптер мен жұртшылықтың сенімін арттыру мақсатында сыртқы аудит пен жария есептілікті ұйымдастыру;
- Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қор аясында мақсатты бағдарламаларды құру туралы шешім қабылдау.

4.3. Қамқоршылық кеңес өз жұмысында ашықтық, есептілік, стратегиялық ойлау, кәсібилік және мүдделер қақтығысын болдырмау қағидаттарына сүйенеді.

4.4. Қамқоршылық кеңестің құрамы – академиялық, іскерлік, БАҚ және сарапшылық қауымдастықтардың беделді өкілдерінен құралады. Caspian University Қамқоршылық кеңесінің құрамы:

- Сарсенов Рашит Темірбұлатович – төраға, «BSB» корпорациясының президенті;
- Абыкаев Нуртай Абыкаевич – ҚазҰАӘН президенті, «Отандастар қоры» КЕАҚ президенті;
- Апарин Сергей Игоревич – «Новое поколение» газетінің бас редакторы;
- Ержанова Раушан Зейнуллаевна – «Нұрбанк» АҚ директорлар кеңесінің төрайымы;
- Сарсенова Карина Рашитовна – KS production продюсерлік орталығының бас продюсері;
- Креймер Эдуард Львович – «KSP Steel» ЖШС директоры;
- Крымкулов Сағын Ерқасович – «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры;
- Рогов Игорь Иванович – заң ғылымдарының докторы;
- Сосковец Олег Николаевич – Ресей тауар өндірушілер одағының президенті.

4.5. Қамқоршылық кеңес операциялық және инвестициялық функциялардың бір бөлігін кәсіби басқарушы компанияға немесе тиісті қаржылық кеңесшілерге делегаттай алады, бірақ стратегиялық басқару мен бақылауды өз құзырында қалдырады.

## **5. Қаржылық есептілік және ашықтық**

5.1. Қор түсімдер мен шығындар бойынша тұрақты есеп жүргізіп, оны Caspian University ресми сайтында жариялады.

5.2. Қордың қызметіне тұрақты түрде сыртқы аудит жүргізіледі.

## **6. Қорытынды ережелер**

6.1. Осы Ереже бекітілген сәттен бастап күшіне енеді және Caspian University ресми ресурстарында жарияланады.

6.2. Ережеге барлық өзгерістер мен толықтырулар Қамқоршылық кеңестің шешімімен енгізіледі.